

Жарнама және маркетинг

1. Анықтамалар

- 1.1. UIPM Конституциясының ережелерінде пайдаланылатын анықтамалар мен аббревиатуралар осы ережеде қолданылуы тиіс.
- 1.2. «Халықаралық Теледидарлық Құқық» жарыстың кез келген сигналын (теледидарлық, радио немесе Интернет сигнал) UIPM жарыстарын қабылдап жатқан елден тыс жерлерде көрсету құқығын білдіреді.
- 1.3. «Ұлттық теледидарлық құқықтар» жарыстың кез келген радио және теледидар сигналын UIPM жарыстарын қабылдап жатқан елден қабылдап жатқан елдің ішінде көрсету құқығын білдіреді.

2. Негізгі қағидаттар

- 2.1. UIPM барлық жарыстарындағы халықаралық теледидарлық құқықтар UIPM тиесілі. Құқық мағынасына жергілікті телехабарды тікелей таратуға еркін қолжеткізу құқығы кіреді.
- 2.2. Ұлттық теледидарлық құқықтар ұйымдастырушы ұлттық федерацияға тиесілі. Ұйымдастырушы ұлттық федерация UIPM теледидарлық келісім-шартын қабылдауға және барлық жергілікті теледидарлық келісім-шарттар туралы UIPM хабардар етуге міндетті.
- 2.3. Құрылықтық және Аймақтық чемпионаттар үшін Маркетинг пен БАҚ құқығы, егер осы ережеде өзгеше көзделмесе, UIPM тиісті құрылығының Құрылықтық Конфедерациясына тиесілі болады. UIPM басқа барлық жарыстары үшін Маркетинг пен БАҚ құқығы, егер осы ережеде өзгеше көзделмесе, UIPM тиесілі.
- 2.4. Маркетинг пен БАҚ құқығы не UIPM өзі немесе тиісті Құрылықтық Конфедерациясымен жүзеге асырылады, немесе төменде көрсетілген ережелерге сәйкес ұйымдастырушы ұлттық федерациямен табысталады.
 - 2.4.1. UIPM БАҚ-қа жарнама мен құқықты пайдалану құқығы оларды ұйымдастырушы комитеттер мен/немесе демеушілерге ұсыну құқығынан тұрады.
 - 2.4.2. UIPM барлық жарыстарында барлық жарнаманы (үй-жайдың ішінде және сыртында, баннерлер, дисплейлер, жарыстарға арналған құрал-жабдықтарда рұқсат етілген жарнама, орны мен өлшемі көрсетілген спортшылар мен ресми тұлғалардың формалары) егжей-тегжейлі сипаттау әрбір ұйымдастырушы ұлттық федерацияға «UIPM-ге демеушілік жөніндегі нұсқаулық» ретінде берілуге тиіс.
 - 2.4.3. Ұйымдастырушы Ұлттық Федерациясының UIPM барлық жарыстарында жарыстың демеушісіне және барлық старттық нөмірлерге құқығы бар. Старттық нөмірлер төменде 4-бөлімде сипатталған ережелерге сәйкес берілуге тиіс. Ұйымдастырушы ҰФ пайдаланбайтын старттық нөмірлер UIPM тиесілі болады.

- 2.4.4. Ұйымдастырушы Ұлттық Федерацияның старттық және фиништық қақпада жарнаманы ұйымдастыруға барлық маркетингтік құқықтары бар, алайда жарыстың жаңа пішімін енгізген жағдайда осы қақпаларды пайдалану құқығын UIPM өзіне қалдырады.
- 2.4.5. Әлем чемпионаттарында, әлем кубоктарында және әлем кубоктарының финалындағы жүгіру кезеңіндегі финиш сызығының секторында, әсіресе фиништағы спортшы фиништық лентаны кесіп өтетін бөлігіндегі барлық маркетингтік құқықтар UIPM өзіне қалады.
- 2.5. Ұйымдастырушы Ұлттық Федерацияның аймақтық және құрылықтық жарыстардағы марапаттау подиумына және жанындағы алаңдарға құқығы бар. UIPM барлық басқа жарыстарында марапаттау подиумы және жанындағы алаңдар UIPM мен Ұйымдастырушы Ұлттық Федерацияның арасында 40%/ 60% сәйкесінше бөлінеді. Жарыстардың жаңа пішімі енгізілген жағдайда UIPM 60% үлесін өзіне қалдырады.
- 2.6. Ұйымдастырушы Ұлттық Федерацияның аймақтық және құрылықтық жарыстардың өткізілу аумағындағы қалған жарнамалық алаңдарға барлық маркетингтік құқығы бар. UIPM барлық басқа жарыстарында барлық жарыстардың бессайыс пен биатлон кезеңдерінде теледадар бойынша көрсетілетін орындарында демеушілердің баннерлерін орналастыру үшін 24 метр жарнамалық аумаққа құқығы бар, ал ұйымдастырушы ҰФ-ның демеушілердің баннерлерін орналастыру үшін қалған жарнамалық алаңға құқығы бар. Осындай жарыстарда UIPM Комбайн кезеңінде атыс нысанасының астында жарқырамайтын баннерлерді (олардың биіктігі жерден 60 см аспауға тиіс) орнатуға құқығы бар. Нысаналардың үстіндегі жарнамалар нысананың ортасынан 80 см кем емес қашықтықта орналасуға тиіс. Атқа салт міну кезеңінде UIPM 2 кедергіге құқығы бар. Жарнамалық алаңды анықтау төменде 4-тармақта келтірілген.
- 2.7. Ұйымдастырушы Ұлттық Федерация, барлық атлеттер мен ресми тұлғалар UIPM делегаттарының (ондай өкілдерді UIPM осы Ереженің орындалуын бақылау үшін тағайындайды) бақылауында болады. Ережені кез келген бұзушылықтар UIPM Тәртіптік ережесіне сәйкес жазаланатын болады.

3. Маркетингтік және медиа құқықтарды тапсыру

- 3.1. UIPM Жарыстары ережесі Декларациясының 1.9.2-бабында сипатталған UIPM жарыстарында маркетингтік және теледидарлық құқықтарды қолдану Ұйымдастырушы Ұлттық Федерация мен UIPM не тиісті Құрылықтық Федерация арасында жазбаша түрде бекітілуге тиіс.
- 3.2. Қатысушылар мен ресми тұлғалар UIPM берген немесе UIPM демеушілік келісім-шартымен анықталған киім мен жабдықтарды

пайдалануға міндетті. Бұл ереже жарыстарға да, жарыстармен байланысты барлық ресми іс-шараларға (атап айтқанда, марапаттау рәсімдері, старттық нөмірлерді беру және т.б.) да қатысты. Егер UIPM тегін негізде киім мен жабдықтарды бермесе, бессайысшылар мен ресми тұлғалар өздеріне форма мен жабдықты таңдай алады, егер олар UIPM қазіргі бессайыс және қоссайыс ережелеріне сәйкес болған жағдайда ғана. Осындай киімдер мен жабдықтардағы өндірушілердің таңбаларын желімдеу құқығы UIPM тиесілі болады.

4. Старттық нөмірлер және маркетинг

- 4.1. Барлық старттық нөмірлер жарыстардың барлық кезеңдерінде спортшылардың жарыс костюмдерінде болуы тиіс. Комбайн кезеңінде олар арқасына да, кеудесіне де тағылуға тиіс. Атқа салт міну кезеңінде спорт костюмі пен старттық нөмір жабылып тұрады, бірақ старттық нөмірді тоқымның артқы бөлігіне орналастыру қажет. Семсерлесу кезеңінде де спорт костюмы жабық тұрады, бірақ семсерлесу костюмінің арқасында, жамбасында және маскасында қатысушының старттық нөмірін орналастыру қажет. Бұл нөмірлердің цифрлары мен әріптері айқын оқылуы үшін оларды өзгертуге, жыртуға немесе бүктеуге болмайды.
- 4.2. Старттық нөмірлер жабысқақ материалдан жасалуы мүмкін.
- 4.3. UIPM жарыстардың барысын жақсы қабылдаудағы, әсіресе кезең уақытында жарысатын спортшыны анықтау үшін және демеушілер туралы ақпараттандыруға арналған теле және фототүсірілімдердегі теледидарлық түсірілімдер мен фоторепортаждар барысындағы старттық нөмірлердің маңыздылығын мойындайды. Осылайша, әрбір спортшының старттық нөмірі төмендегідей өлшемге сәйкес болуға тиіс:
 - 1-өлшем: биіктігі 12см, ені 6см;
 - 2-өлшем: биіктігі 20см, ені 20см.
- 4.4. 1-старттық нөмірдің өлшемі жоғарғы жағында демеушінің логотипінен (логотиптерінен), ал төменде спортшының нөмірінен тұруға тиіс. 2-старттық нөмірдің өлшемі үш бөлікке бөлінуге тиіс: жоғары жағында демеушінің бір логотипі, ортасында бессайысшының жеке нөмірі, ал төменде екінші демеушінің логотипі немесе жарыс өткізіліп жатқан қаланың аты орналасады. Старттық нөмірдің әрбір өлшеміндегі қаріптің биіктігі төмендегідей болуға тиіс:
 - 1-өлшем: демеушінің логотипі 6см, атлеттің нөмірі 8см;
 - 2-өлшем: демеушінің логотипі 6см, атлеттің нөмірі 8см; демеуші 2см немесе қала 6см.
- 4.5. 1-өлшемді Семсерлесу кезеңінде спортшының жамбасы мен маскасында, Жүзу кезеңінде – бас киімінде орналастырады. 2-өлшемді Семсерлесу кезеңінде арқасына, Атқа салт міну кезеңінде –

тоқымның артқы бөлігіне, Комбайн кезеңінде қатысушының кеудесі мен арқасына тағады.

5. Жарнамалық алаңдар

- 5.1. Жарнамалық алаңдар 1.4.-тармағында баяндалғандай, коммерциялық логотиптерді, брендiлер мен тауар белгiлерiн орналастыру үшiн шектеусiз мына орындарды қамтиды:
 - а) афишалар, жарнамалық парақтар және жарыстардан құлақтандырудың басқа құралдары;
 - б) iс-шаралар бағдарламасы;
 - в) спорт алаңындағы немесе одан алыс емес жердегi баннерлер (300-450 метр және одан жоғары).
- 5.2. Өзiнiң демеушiлерi үшiн және жарыстардың жаңа пiшiмiн енгiзген жағдайда орналастыру үшiн осы алаңдардың 60%-ға құқығын UIPM өзiне қалдырады. Осындай жарыстарда, UIPM анықтағандай, ұйымдастырушы Ұлттық Федерация UIPM-нiң бәсекеге қабiлетсiз демеушiсiне жарыстың атауын сату құқығын пайдалану үшiн табысталады.
- 5.3. Баннерлердiң өлшемдерi биiктiгi 1м және ұзындығы 2м немесе биiктiгi 1м және ұзындығы 3м болуы тиiс. Басқа өлшемдер UIPM-нiң iскер өкiлiмен немесе UIPM-нiң басқа ресми тұлғасымен мақұлдануға тиiс.
- 5.4. UIPM-нiң дербес жарнамалық материалдарды шығаруға және оларды ұйымдастырушы Ұлттық Федерацияға беруге немесе соңғысына UIPM-нiң жарнамалық материалдары үшiн ақысын төлеуге құқығы бар.
- 5.5. Егер жарнамалық материалдарды ұйымдастырушы Ұлттық Федерация жасайды деп шешiлсе, онда оларды өндiре бастағанға дейiн ҰФ құнын есептеп UIPM-ге ұсынуға және одан шығындарды төлеуге жазбаша келiсiмдi алуға мiндеттi. UIPM осы материалдарға жұмсалған шығындарды ҰФ-ға өтеуге мiндеттенедi.
- 5.6. Ұйымдастырушы Ұлттық Федерация UIPM-нiң жарнамалық материалдарын болашақта пайдалану үшiн сақтауға және оның жоғалғаны үшiн жауапты болуға мiндеттенедi.
- 5.7. UIPM-нiң аймақтық және құрылықтық чемпионаттарынан басқа барлық жарыстарында UIPM жарнамалық материалдарын жарыстарда орналастырғаны үшiн UIPM Конгресiнде анықталған соманы ұйымдастырушы ҰФ-ға төлейдi.
- 5.8. UIPM демеушiлерiнiң айырықшалығы UIPM-нiң аймақтық және құрылықтық чемпионаттарынан басқа барлық жарыстарына таралады. UIPM тағайындаған iскер өкiл немесе басқа лауазымды тұлға жарыс басталғанға дейiн ҰФ демеушiлерiнiң логотиптерi мен баннерлерi UIPM демеушiлерiнiң айырықшалығын бұзбайтындығын анықтауға тиiс. Ұйымдастырушы Ұлттық Федерация жеке демеушiлердi қатыстырмас бұрын UIPM-нiң

демеушілік шарттары қандай жағдайларда жасалғандығын анықтауға тиіс.

6. Камералар мен баннерлерді орнату

- 6.1. Аймақтық және құрылықтық чемпионаттарда Ұйымдастырушы Ұлттық Федерацияға камералар мен баннерлерді орналастыруда толық еркіндік беріледі және ешқандай медиа міндеттемелерді өзіне алмайды. UIPM-нің барлық басқа жарыстарында UIPM-нің іскер өкілі немесе басқа лауазымды тұлға Ұйымдастырушы Ұлттық Федерацияның демеушілік баннерлерін орналастыруына және камераларды орнатуына келісуге, мақұлдауға және бақылауға міндетті.

Жарнамалық және медиа міндеттемелер

- 6.2. UIPM аймақтық және құрылықтық чемпионаттардан басқа барлық А санатындағы жарыстарында Ұйымдастырушы Ұлттық Федерация UIPM есебінен UIPM-нің іскер өкіліне немесе басқа уәкілетті тұлғаға мыналарды ұсынуға тиіс: әуежайдан келген және кететін уақытқа дейін маркетингтік материалдарды тасымалдауға арналған Минивэн немесе үлкен седан; қонақ үйден бір орындық номер беруге тиіс.
- 6.3. UIPM аймақтық және құрылықтық чемпионаттардан басқа барлық А санатындағы жарыстарында Ұйымдастырушы Ұлттық Федерация UIPM-нің іскер өкіліне немесе басқа уәкілетті тұлғаға маркетингтік материалдарды орналастыру үшін жарыс алаңына кіруге Аккредитация және Қолжетімділікті ұсынуға тиіс.
- 6.4. UIPM аймақтық және құрылықтық чемпионаттардан басқа барлық А санатындағы жарыстарында Ұйымдастырушы Ұлттық Федерация мынаны қамтамасыз етуге тиіс:
Мына қызметтер мен мамандардың болуын:
а) пресс-атташе;
б) баспасөз және ақпараттық цент;
в) телефон және факсимильдік байланыс;
г) Интернетке шығу;
д) жүзу кезеңі мен басқа қажеттіліктер үшін доңғалақтары бар кресло;
е) егер жүгіру маршруты мүмкіндік берсе, жүгіру кезеңіне мотоцикл;
ж) жарыс аяқталған соң екі аптаның ішінде фотосуреттерді басты кеңсеге жіберетін кәсіпқой фотограф;
з) жарыс аяқталған соң 30 күн ішінде UIPM басты кеңсесіне есепті жіберуге тиіс, оның құрамына жарысқа дейінгі және кейінгі, жарыстың барысын қамтитын баспасөздегі ақпарат кіреді. Есеп жазбаша бөліктен, теледидарда жариялау туралы мәліметтерден, жарыс фотосуреттерінен және орналастырылған UIPM демеушілік материалдарынан тұруға тиіс.

6.4.1. UIPM теледидарлық командасы. Талаптар:

- а) отельден 4 бір орындық орын;
- б) әуежайдан келгеннен кеткенге дейін жергілікті тасымалдау көлігі;
- в) жарыс алаңында болуға мүмкіндік беретін төрт аккредитация.